

**ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Әшім Дильназа Құндызбайқызы

ashim_dilnaz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Сембина

Жұмыссыздық – экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың бір бөлігінің еңбек рыногында қажет болмай қалуына байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Жастар жұмыссыздығы экономикалық, әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық жағынан қоғам үшін зор шығындар туғызатын өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанды әлеуметтік модернизациялау аясында жастарды жұмыспен қамту саласында мемлекеттік сүйемелдеу саясатын, аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, белсенді түрде жүргізу, жастармен жұмыс жүргізудің жаңа тәсілдерін іздеп табу, жастардың аймақтық еңбек биржаларын құру және тиімді ұйымдастыру, жастар кәсіпкерлігін дамыту және қолдау үшін арнайы органның құрылу, азаматтардың бәсекелестік қабілеттерін дамыту, жастарды жұмыспен қамтудың нарықтық механизмдерін жетілдірудің жолдарын анықтау қажеттіліктері туындап отыр [1].

Жұмыссыздық мәселесімен күресуде әлеуметтік жұмыстың бірқатар технологиялары мен әдістерін қолданамыз. Атап айтқанда, оларды психологиялық әдістерді пайдалана отырып шешуге тырысамыз. Ал, жас жұмыссызға психологиялық қолдау көрсету дегеніміз – еңбекке тұру процесін жеңілдету үшін және жаңа жұмыс орнына бекіту үшін оның психологиялық жағдайын түзету мақсатында клиентке әсер ету. Мұндай әсер етулер бірнеше деңгейде жүзеге асуы керек[2]:

Дәлелді – жас адамның белсенділігін көтеру, жұмысқа өзін тануға және өзін дамытуға қажеттілігін арттыру ретінде;

Когнитивті – өзін бағалауды арттыру, адамның өзі туралы түсінігін түзету ретінде;

Эмоционалды – клиенттің қазіргі жағдайын түзету және өзін-өзі реттеу іскерлігін қалыптастыру ретінде;

Мінез-құлық – жұмыссыздық жағдайында әрекеттердің тиімді іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру ретінде.

Осы тәсілдерге сәйкес жас жұмыссызбен жүргізілетін әлеуметтік-психологиялық жұмыстардың негізі мақсаттарына мыналар жатады: Жұмыссыздың психикалық жағдайын түзету – маманданған кеңестің тиімділігін қамтамасыз ету үшін эмоционалды ширығуды жою;

Жұмыссызды әлеуметтік-психологиялық бейімдеу (өмірлік жағдайларды қайта бағалау және клиентке өмірлік болашағына деген оң сенімділікті қалыптастыру);

Еңбек нарығындағы мінез-құлықтың тиімді іскерліктері мен дағдыларын үйрету[3].

Жас жұмыссызға психологиялық қолдау жасаған кезде көмек сұрап келгеннің мінез-құлқы оның жұмысты жоғалтуына ғана байланысты емес, сондай-ақ оның басқа да жоғалтуларына да байланысты екенін де ескеру керек, олар: мәртебесін, үйренген қарым – қатынасын, тұрақты өмір тәртібін, материалдық ауқатты, өзін-өзі көрсете алу мүмкіндігін және басқаларын жоғалту. Жұмысты жоғалтудың кесірінен өмірге қажетті әрекеттер өзгеріске ұшыраса, соншалықты ол дағдарысты өтеді.

Еңбекпен қамту қызметтерінің мамандарының пікірінше, жұмысынан айырылғаннан кейін, болмаса жұмыстан босағаннан кейін адамдардың еңбекке деген белсенділігі төмендейді екен. Көптеген жұмыссыздар үшін енжарлық пен біреудің асырауында болу үйреншікті екен. Ол әсіресе жас жұмыссыздар үшін тән болып келеді де, олар өздерінің бұл жағдайларына уақытша құбылыс деп қарайды. Одан шығудың жолы басқа жақтан келетін көмек емес, өзінің ата-аналарының, таныстарының, мемлекеттік қызметтердің көмегі арқылы ғана деп есептейді. Өмірлерінде болған проблемаларды шешуде олар жеткілікті

түрде белсенділік көрсетпейді және бұл жағдайларды өзгерту үшін жауапкершілікке сирек барады.

Жұмыссыздықтан туған жағдайларды шешудің тәсілдері жас клиенттің мінезіндегі жеке ерекшеліктерге де байланысты болады, ол оның жинақталған субъектілік (жеке дара) белсенділігінің тәжірибесіне қарай: өзінің мінез-құлқын саналы түрде реттеу тәжірибесі, өз бетімен шешімдер мен әрекеттерді қабылдау тәжірибесіне қарай анықталады. Ал жас жұмыссыздарға әрине мұндай тәжірибе ересек жұмыссыздарға қарағанда аз. Соған байланысты жас жұмыссызды психологиялық қолдаудың бір мақсатына оның жеке дара әлеуметтілігін мақсатты түрде жұмыссыздың басынан кешіп отырған жағдайын шешуге деген ұмтылысы жағынан белсендіру [4].

Арнаулы зерттеулер жас адамдардың жұмыссыздық жағдайын басынан кешірудің барынша жеке дара айырмашылықтарын анықтаған. Барлық теріс сезімдер қосындысын: алаңдаушылық, торығу, әділетсіздікті және тағы басқа басынан өткеретін жұмыссыздар бар, бұл жағдай қорқыныш туғызбайтын, керісінше жағдайды өзгертуге бар күшін салатын жұмыссыздар бар. Сондай ақ бұрынғы жұмысын жоғалту оған жаңа, бұрынғыдан да жақсы, басқа салаларда мүмкіндігі мол болатын жұмыссыздар да бар.

Жас жұмыссыздардың жеке басының ерекшеліктері жұмысын жоғалту жағдайында туындаған дағдарысты шешудің стратегиясын таңдауға әсер етеді. Психологиялық қолдаудың бір стратегиясы жұмысты іздеуге бағытталса (белсенді іздеу стратегиясы), басқасы өзін көрсетудің мүмкіндіктерін өзінің мамандығынан басқа салаларда табуға бағытталған (компенсаторлық стратегия), үшіншісі клиенттің бірінші сәтсіздіктерін ақ жұмыс іздеуден, өзін – өзі көрсетудің жолдарын іздеден бас тартуымен байланысты (әрекетсіздік стратегия).

Психологтардың зерттеуіне қарағанда, маман психологтар жүргізетін тренингтер арқылы клиенттің белсенділік модусын (бейне, тәсіл) өзгертіп, оңтайлы емес стратегияларға түзету жүргізіп, осы белсенділікті жұмыс іздеуге бағыттауға мүмкіндік бар.

Еңбекпен қамту қызметтерінде штаттық немесе жалданған психологтардың көмегі арқылы жұмыссыздарға психологиялық қолдаудың негізгі нысаны болып табылатын топтық тренингтік сабақтар өткізіледі, оларға жұмыссыздардың әлеуметтік бейімделуіне арналған бағдарлама шеңберінде жүргізіледі. Мұндай тренинг сабақтардың мақсаты жұмыссыздардың алаңдаушылық және ширығу сезімдерін жою, олардың өз күштеріне сенімдерін сезіндіру, еңбекке орналасуға қажетті іскерліктер мен дағдыларға үйрету [5].

Жастардың қаралып отырған категориясымен жұмыс істейтін социологдар қазіргі біздің қоғамымыздың даму кезеңіндегі жастар ортасында белең алған мінез құлықтарын экономикалық стратегияларын ескерулері керек. Зерттеушілер жастардың мінез – құлықтарын үш негізгі стратегиясын бөліп қарайды. Оны жас адамдардың (негізінен жұмыссыз болғандардың) жұмысты, өз өміріндегі нақты еңбектің түрінің рөлін қалай бағалайтынына байланысты бөледі.

Олардың біріншісін прагматикалық деп атайды, ол жұмысты материалдық игілік көзі деп қарауына негізделген және жас адамның төлемақыға, басқа да материалдық ынталарға саналы түрде бағдарлауын, жұмыстың мазмұнына қарамастан көрсетеді. Мұндай стратегияны ұстанған жас адамдар белсенді, нарықтық қатынастарға тез түседі, көп қиналмай ақ жұмыстарын ауыстыра береді, көбіне мемлекеттік еңбекпен қамту қызметтері емес өз күшіне сенеді.

Келесі стратегия, кәсіби деп аталады, ол жұмыстың өзінің жеке басының жеке қабілеттерін ашатын, кәсіби өсуіне жәрдемдесетін, шығармашылығын танытатын құндылық деп есептейтіндерді көрсетеді. Бұл жастар тобына төлем ақысы жоғары болса да, олардың кәсіптік деңгейлерінен төмен, олардың кәсіби абройын төмендететін жұмыстарды қажет етпеу керек деген тұрақты әлеуметтік кәсіптік таптаурын қалыптасқан. Бұл топтың көпшілігі жұмысынан айырылғанда жаңа жұмыс орнын тек өздерінің мамандығына сай іздейді, бұл өз кезеңінде жұмысқа орналасу мүмкіндігін әлде қайда шектейді.

Экономикалық мінез құлықтың үшінші стратегиясы конформистік деген атауға ие болды, оны ұсынатындар үшін жұмыс ешқандай құндылық емес, олардың қағидалары, «барлық жұмыс бірдей, одан да жұмыс істемеген тіпті жақсы». Бұл стратегияны ұстанатындар кез келген әрекет түріне бейімделуге дайын, жұмысты тез ауыстыруды, себебі кәсіптік кеудемсоқтық оларға мүлдем жоқ, олардың мүделілер санау кәсіпке түкте байланысты емес [6].

Осы проблеманы зерттеуші мамандар жоғарғы оқу орнын (колледж) бітірген жас адам үшін мынандай психологиялық белгілер тән: эмоционалық тұрақтылық; өмірлік жағдайларды қабылдаудағы шынайылық пен мінез құлықтағы белсенділік; болашағына сенімділік, жарқын жүзділік, өз болашағын таңдаудағы селқостық; өзіне деген сенімділік және пайда үшін оқу процесінде игерген қағидалардан бас тартушылық; келген ортадағы топқа тәуелділік – референтті топты қолдауға бағыттылық. Соционмның осы типтегі жас жұмыссыздармен жүргізілетін жұмысының стилі, болашаққа сеніммен қарауға бағытталған, оны осы қарым қатынас нәтижесінде ашып, еңбекпен қамту қызметінің мүмкіндіктеріне сай олардың еңбектеріне деген нарықтық сұранысты ескере отырып жұмыс тауып беру мүмкіндіктерін ұсыну керек. Мұндай жас адамдарға олардың қабілеттеріне қарай еңбек жолын төменгі лауазымнан бастап, жаңа оқыту курстарын оқытып алуға, мүмкіндік болса, қазіргі еңбек нарығында аса қажет қылатын аралас мамандықты игеріп алуға кеңес берген дұрыс.

Әрине әлеуметтік қызметкердің жұмыссыз азаматтармен жүргізетін мінез-құлықтық стильдер жалпы сипатқа ие, ал нақты шаралар жағдайға байланысты қолданылады. Дегенмен, стилдер тәжірибе көрсетіп отырғандай, осы ортақ деген модельдерді қолданудың өзі әсіресе алғашқы жұмыс көздерінде ақ нәтижелі болады.

Сонымен, жоғарыда талданған жастардың жұмыссыздық жағдайын қорытындылай келе, жастар жұмыссыздығымен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстардың нысандары мен әдістері қазіргі қоғамның өзгермелі уақытында өзекті мәселеге айналып, соционмнан дағдарыс жағдайында қалған адамға әлеуметтік–психологиялық қолдау жасау саласында әлеуметтік жұмыскердің білімі мен іскерлігін талап етіп отырғанын айтқым келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кайранова А. Молодежь на рынке труда: тенденции, проблемы и перспективы. Труд в Казахстане // 2008 – № 2. 13-25.
2. Жотабаев Н. О проблемах занятости и заработной платы // Мысль. — 2016. — № 6. — 46 с.
3. Кошкарров Ж., Махинова Н. Анализ становления молодежного рынка труда в Казахстане // Высшая школа Казахстана. – 2018 – № 3.
4. Иванова В.Н., Безденежных Т.И. Управления занятостью населения на местном уровне: Учеб. пособие. – М.: Финансы и статистика, 2014. – 192с.
5. Социальная работа: теория и организаци: пособие для студентов вузов // Под редакцией Холостова Е.И. М., 2006.
6. Герций Ю. В., Дановский С.Л., Громова Е.Е. Стиль проведения сотрудников службы занятости в общении с безработными // Социологические исследования. — 2013. — № 1. 78-79 с.